

УДК 323.2

T.C. ТЕБЕГЕНОВ

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ.)

АҚЫН-ДРАМАТУРГ НҰРЛАН ОРАЗАЛИННІҢ «ҚАРАҚАЗАН ҒАСЫР» ДРАМАЛЫҚ ДАСТАНЫ

Аннотация

Макалада ақын-драматург Нұрлан Оразалин драмасының идеялық-такырыптық, көркемдік-стильдік ерекшеліктері талданған. Пьесаның романтикалық, реалист тәбіренісі ғылыми-теориялық талдаумен анықталған, сондай-ақ драманың психологиялық сипаты да көрсетілген.

Тірек сөздер: драма, көркемдік стиль, идеялық-такырыптық романтизм, реализм.

Ключевые слова: драма, художественный стиль, идеино-тематические, романтизм, реализм.

Keywords: drama, art style, ideological and thematic, romanticism, realism.

Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы үдерісіндегі драматургия жанрларының (драма, трагедия, комедия) да жазылуы классикалық дәстүр аясында жазылып келеді. Әлемдік драматургияның дәстүрлі арнасына XX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет алыптары қаламгерлеріміздің (Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Қажым Жұмалиев, Сағыр Камалов, Жұмат Шаниннің, т.б.) пьесалары арқылы қалыптасты. Драматургияның көркем әдебиет дамуы үдерісіндегі көрнекті үлгілері республикамыздың М. О. Әуезов атындағы академиялық және F. Мұсірепов атындағы академиялық балалар мен жасөспірімдер, сонымен бірге облыстар орталықтарындағы драма театрларының сахналарында үздіксіз қойылып, көрермендердің қабылдау ықыласын иеленді. Қазақ драматургиясының туындылары XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап Астанадағы К. Қуанышбаев атындағы, Түркістан қаласындағы музыкалық драма театры сахналарында да қойылуда.

Театрлармыздың сахналарында әлем әдебиетінің ең байырғы классикалық саласы болып саналатын драматургия туындыларының жазылып, қойылымдарға ұсынылуында қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті драматург қаламгерлері шығармашылықпен тыныссыз енбек етіп келеді.

Қазіргі қазақ драматургиясындағы көрнекті қаламгерлер Әбіш Кекілбаевтың, Дулат Исабеков, Нұрлан Оразалин, Иранбек Оразбаев (Иран-Файып), Тынымбай Нұрмагамбетов, Сұлтанәлі Балғабаев, Серік Асылбекұлы, Роза Мұқанова, Жолтай Әлмашұлының және т.б.-дың пьесаларын айтамыз.

Нұрлан Мырқасымұлы Оразалиннің драматургиясы – қазіргі қазақ әдебиетіндегі өзіндік шығармашылық мәнерімен, поэтикалық сипаты ерекшеліктерімен даралана байқалады. Ақын-драматургтің «Шырақ жанған тұн», «Тас күйтер», «Ақ құс туралы аңыз» («Бойтұмар»), «Қарымта», «Қырғын» (М. Әуезовтің «Қылы заманы» атты шығармасының ізімен), «Бастықтың бір күні», «Қарақазан ғасыр» (драмалық дастан) (1989), «Көктемнің соңғы кеші» – оқырмандар мен көрермендерге танымал туындылар.

Қазіргі қазақ драматургиясы пьесаларының көркемдік деңгейін көтерудегі қаламгердің шығармашылық қызметі де лайықты бағаланып келеді. Атап айтқанда, «Ақ құс туралы аңыз» пьеса бойынша қойылған спектаклі үшін Халықаралық театр байқауларының жүлдегері атанды. «Қылы заман» «Қырғын» пьесасы М. Әуезовтің 100 жылдығына орай өткен театр фестивалінде «Ең үздік инценировка» жүлдесіне ие болды» [1, 242-б.]

Ақын-драматург Н. М. Оразалиннің шығармашылығындағы байырғы классикалық дәстүрлі арнадағы драматургиялық туындыларын нысанға алып қарастыруда энциклопедиялық анықтамалықты негізге аламыз: «Драматургия – (грек. *dramaturgia*) – қандай да бір халықтың немесе жазушының белгілі бір дәуір мен кезеңдегі драмалық шығармаларының жиынтығы. Драматургиялық шығармалардың алғашқы үлгілері Ежелгі Грекияда діни дәстүрлерден (Дионис құдайға табынудан) басталған» [2, 167-б.]. Демек, ақын-драматург Н. М. Оразалин драматургиясын

құрайтын туындыларды біз әлем өркениетіндегі классикалық әдеби дәстүрлер сабактастығы желісімен қарастырамыз.

Драматургия шығармаларының поэзиямен жырлануы – ежелгі (антикалық) дәүір әдебиетінде пайда болып қалыптасқан көркемдік үрдіс. Өте ежелгі заманғы грек әдебиетінің классикалық-антикалық кезеңі (б.д.д. V–VI ғғ.) драматургияның пайда болу кезеңдеріндегі Эскилдің («Парсылар», «Бұғауланған Прометей», «Орестея» (трилогия)), Софоклдің (б.д.д. 496–406 жж.) («Антигона», «Эдип патша», «Электра», т.б.), Еврипидтің (б.д.д. V ғ. екінші жартысы; «Медея», «Геракл», т.б.), Аристофанның (б.д.д. 445–385 жж. шамасы) («Салтатты», «Лисистрат», «Құрбақалар», т.б.) пьесаларының (трагедиялық, драма, комедия) поэзиялық сипатпен жырланғаны мәлім. Ежелгі заманғы драматургия туындыларының бірнеше өнер тұтастығымен (поэзия, өуез, орындаушылық, т.б.) жазылғандығы да белгілі. Антикалық дәүірлерден кейінгі ғасырлар бойы даму, кемелдену кезеңдерінен өткен әлем халықтары әдебиетіндегі драматургия шығармаларында сахналық қойылым заңдылықтарына бейімделген бірнеше өнер тұтастығына негізделген бұл ерекшелік қазіргі заманғы әдеби үдеріс туындыларында да сақталып келеді.

Көрнекті ақын-драматург Нұрлан Мырқасымұлының «Қарақазан ғасыр» дастан-пьесасы – әлем әдебиетіндегі аталған классикалық дәстүрмен жырланған туынды.

«Қарақазан ғасыр» дастан-пьесасының идеялық-композициялық желісі мынадай тақырыптық бөліктерден құралған: «Жала» – бірінші күй); «Нала» (екінші күй); «Жанталас» (үшінші күй); «Жандауыс» (төртінші күй); «Арылу» (күй-түйін). Драмалық дастанға арналған көрнекті сыншы Бақыт Сарбалаұлының «Өмірге өлең керек пе?» атты мақаласындағы бағалауын назарға ала отырып, шығарманың жанрлық болмысын тануға бағдар аламыз:

«Өлеңнің көк терегі аман болса, өмірге өлең керек. Өлеңді былай қойып, «Қарақазан ғасыр» тәрізді тынысы кең, табиғаты терең, **эпикалық-драмалық, зерделі-пәлсапалық** дастандар да керек» [3, 146-б.]

Драмалық дастанның идеялық-композициялық желісіндегі кейіпкерлер (Ана (әрі Айша келін); Ұлы (әрі кішкентай Берік); Иіс кемпір; Сәнім әжесі; Едіге қарт; Қасым рухы; ауыл тұрғындары, т.б.) романтикалық және реалистік көркемдік тәсілдердің тарихи-философиялық, психологиялық тұтастانا өрілуімен бейнеленген.

Эпикалық шығарманың романтикалық-психологиялық сарындар тұтастығындағы поэтикалық сипаты авторлық ремаркамен дәйектелген: «Өтетін жері»: жұмыр жердің төсі, қазақ жері; кейіпкерлердің жан жүрегі. Ой төрі; «рух атаулының мәңгілік мекені» – ғарыш көк, аспан айдыны. [4, 151-б.]

Драмалық дастанның идеялық-композициялық желісін басты кейіпкерлер Ана мен Ұлының диалогтары-монологтары құрайды. Туындының басталуынан аяғына дейін өрілген сол диалогтар-монологтар аясында уақыт пен кеңістіктегі халық тарихының трагедиялық кезең шындығы, адамдардың мінез-құлық психологиясындағы адалдық пен арамдық, ерлік пен ездік, мәрттік пен екіжүзділік, т.б. қайшылықты сапалы қасиеттер қақтығыстары сыншыл реализм айыптауларымен жырланған. Драмалық дастанның тақырыбы – XX ғасырдың 30–50-жылдарындағы қазақ еліндегі тарихи кезең шындығы, идеясы – адамзат ұрпақтарына тән адамгершілік-имандылық қасиеттерді ұлықтау және оған қарама-қайшы күншілікті, қызғаншақтылықты, опасызыздықты, қатыгездікті айыптау.

Драмалық дастанның сюжеттік-композициялық желісінде мынадай поэтикалық құрылым жүйесі саралана көрінеді: біріншісі – халықтың бакыты жолында күш-жігерін, ақыл-парасатын жұмсаған, бірақ жазықсыз жаланың құрбаны болған қайраткер асыл азамат Қасымның және оның Анасы Айшаның, сонымен бірге сол арман рухтас жағымды кейіпкерлердің (Едіге қарт, Қасымның ұлы Берік, Иіс кемпір, Сәнім әжей) даралана бейнеленуі; екіншісі – зұлымдық, жендеттік-қатыгездік пиғылмен өмір сүретіндердің көркем шындықпен жинақталған бейнесі – Қозыбақ арқылы дәлелденетіні.

Драмалық дастанның көркемдік шешімі – әділетсіздік жаласының құрбаны болғандардың халықтың гуманизм, адамгершілік-имандылық рухы биіктігі тұғырында мәнгі ұмытылмайтынын, жана буын ұрпақтарды жақсылыққа, ізгілікке, кешірімшілдікке, сол арқылы ұлттың ұлылығын сақтауға тәрбиелейтін қуаттылығын дәлелдеу.

Драмалық дастандағы ауыл белсендісі әпербақан, жалақор Қозыбақ пен адамзатты, оның ішінде қазақ халқын аштықпен, қуғын-сүргінмен қырып-жойған женет Сталин бейнелеріндегі

табиғи үндестіктің, текстестіктің биологиялық-физиологиялық, генетикалық тұтастығы дәлелденген.

Шығарманың негізгі трагедиялық сипатын айқындастын поэтикалық-психологиялық түйінінде өткенде де, қазірде де, болашақта да осындағы сырты адам, бірақ жан ділі әлемі жыртқыштың-жендettік, қараулық-күншілдік, қатыгездік-қанқұмарлық пигылдардармен толған зұлымдардың барлық құрлықтардағы халықтар арасында бірге өмір сүріп жатқандығы дәйектеле түйінделген.

Драмалық дастанның идеялық-желісіндегі жалпы адамзатқа ортақ осындағы трагедиялық-психологиялық хал-ахуалдың сюжеттік көріністерде-бөліктерде авторлық эпикалық баяндаумен де, кейіпкерлердің диалогтарымен-монологтарымен сабактаса өріліп отыратыны – автордың көркемдік ой желісін аңғартады. Шығарманың тұтас құрылымдық желісіндегі ешқашан жойылмайтын қарама-қайшылықтардың, үздіксіз тоқталмайтын қақтығыстардың салдарынан болып жатқан дүниеконыздық, мансапқорлық, қызғаншақтық, күншілдік, жалақорлық, опасыздық, т.б. жексүрін қасиеттер иелері – пенделердің кесірінен адамгершілік-имандылық туын көтерген асыл адамдардың жазықсыз жазаланатыны, олардың бала-шагаларының, қарапайым халықтың қайғы-қасіретке душар болатыны, мұнды-шерлі жандардың әділдік іздел өмір бойы шарқ ұратыны, т.б. – сан алуан тағдырлар жағдайы психологиялық-романтикалық сыншыл сарынмен, жырланған. Ақын-драматург Нұрлан Мырқасымұлы драмалық дастанының «Ана мен ұлдың алғашқы сұхбаты» бөлігінің соңында қазақтың ата-бабалық жан ділі сырларының үні болып ғасырлардан сақталып бүгінге жеткен домбыраны ой арқауына ала отырып, жалпы адамзат пен қазаққа ортақ қасірет-қайғы, мұн-нала, шер күйі төтілгендей жыраулар мәнерімен төгілте толғаған:

... Ернеуінен асып-тасқан көлдейін,
Көктемдегі долы мінез селдейін...
Тоғыз перне жеткізе алса жарады,
Ішек бойлап ерен сезім, келді ойым?!

Күй-тағдырым кеудемдегі өрілсін,
Бар өмірім, бар мұратым көрінсін.
Жер үстінің адал жүрек жандары,
Тыңдал, тоқып, айтсын алғыс, жерінсін.

Бұл күйімде сенің де бар ар маның,
Бала күнің жағалаған жар маңың,
Қарақазан ғасырым бар – тағдырым,
Тым ертеп салған бізге қармағын.

Құлақ күйі:

Киіп ескі бешпеті мен жейдесін,
бір дәуірдің бастап қоңыр ой көшін,
күй атымен «Қарақазан ғасыр» боп,
тамырларда атқақтап бір сөйлесін:
Менің қайғым сөйлесін!
Сенің қайғың сөйлесін!
... Ел қайғысы сөйлесін,
Көл қайғысы сөйлесін,
Ұлын күткен ананың
сел қайғысы сөйлесін!
Жер қайғысы сөйлесін,
Төр қайғысы сөйлесін.
жарын күткен келіннің
шер-қайғысы сөйлесін!
Тұн қайғысы сөйлесін,
Күн қайғысы сөйлесін.

жетім өскен жер тістеп
ұл қайғысы сөйлесін!
Шың қайғысы сөйлесін,
шым қайғысы сөйлесін
жиырмасынышы ғасырдың
мұң-қайғысы сөйлесін!
Шың қайғысы сөйлесін![4, 154-156-бб.].

Драмалық дастанның басты кейіпкері Қасымның кескін-келбеті, мінез-құлық ерекшеліктері халықтың ежелгі замандардан бүгінгі күндерге дейінгі жалғасқан ұрпақтардың асыл сапалы болмысын көркем шындықпен жинақтап жырлаған сипатымен көрінеді. Романтикалық және реалистік көркемдік тәсілдер тоғысындағы бейнеллік өрнектерімен қазақтың ұлттық-этнографиялық, психологиялық болмысы, бітімі көркемдік-естетикалық дүниетаным аясындағы сипатымен жырланған. Драмалық дастан кейіпкер Едіге қарттың Қасым жазықсыз ұсталып кеткендегі – қайғылы-мұнды қөніл-күй жағдайы сөтіндегі («Едігенің ойы») даралай мінездеуінің халық бағалауы түрғысында берілгенін аңғарамыз:

... Жалғыз тұяқ кешегі өткен Арыннан,
қарын шашы өз қолыммен алынған,
бала емес пе көз алдымда өскен ол,
кеше ғана тал бесікке таңылған?!

Қаз-қалпында ... Көз алдымда тұр анық.
бала-Қасым жағалаған жыраны,
жігіт-Қасым өз еркімен аттанған,
қырық бірде майданға алғаш сұранып.

Жасын-Қасым жасқанбаган көп істен,
батыр-Қасым қайта оралған жеңіспен.
асыл-Қасым мақтанды осы елдің,
еңбегімен көтерілген еңістен.

Аға-Қасым елдің қамын ойлаған,
қылыш-көніл, от жүректі ойлы адам,
әке-Қасым отау тігіп, жар сүйіп,
ұрпақ сүйіп, шілдехана тойлаған.

... Пиғыл жоқ-ты бір сөзінде жат бөтен,
болар ұлды қай сұмырай сатты екен?!

Қасым десе Қасым еді – қаршиға,
қандай арам қай тасадан атты екен?!

Қара ниет қандай ғана көз көрді,
Кінәсі жоқ жалын жанды, текті ерді?!

Мен сенбеймін!
Қасымды жау дегенге
Қандай пасық, қай мінезін жек көрді?! [4, 175-176-бб.].

Ал, Қасымның жары – Ананың Қасымның мінезін және онымен отау құрған бақытты күндерін айтқан сырын толғайтын («Жала: Бірінші күй (немесе Ананың алғашқы сыры» атты бөлімдегі жыр жолдары («2. Әке мінезі «Айдалу») Қасым және ол тектес, тұлпар тұлғалы, қыран мінезді асыл сапалы қайраткер азаматтардың қызметтерін және олардың қызғаныштың, қараулықтың құрбаны болатын трагедиялық тағдырларын айқын елестетеді:

Өткір еді:

Тау сүйндей тасыған,
Кезі жоқ-ты жөнсіз жерде жасыған
Арын, жарын серік етіп ең жақын,
екі елі де қалдырмайтын қасынан.

Екі сөздін бірі әрқашан ел еді,
елмен ойы егіз еді, тел еді,
дос қайғысын, куанышын бөлісер
кай кезде де дайын еді көмегі.

Әзілменен «түйреп, сүйреп» кей досын,
думандатып, өткізетін той пешін,
жомарт еді әкең марқұм, жұртқа адал.
шешіп берер үстіндегі жейдесін
Отқа түсер қажет жерде керексе...

Қисайды ма?
Қасқаятын – терекше.
Ақ көнілдің ақ көнілімен білер,
жан еді әкең ары таза ерекше.

Жори алман бұл мінезін жаманға,
отиеміз көпшіл еді әманда.
Кек дегеннен ада-құде жан-еді,
болмысымен сенетін-ді заманға.

Кім-кімге де бұланнатпай шешімін,
қыска сөзбен қайыратын кесімін.
Мұны да мен кемшілігідей алман.
Қай кезде де тұра айтқанының несі мін?

Оғаш кетіп, жолды бұзған кем күні,
Жұрты сүйген бір мінезі-кендігі.
жыныдардың сәні жоқ-ты Қасымсызыз,
алғыр ойы, тез жететін елге үні.

Дауға түссе, тілі мірдей, оқ еді,
тиген жерін ойып түсер шоқ еді.
Ел аласы ішінде ғой... Кім білген?
Қасын қайдам? Тілеуқоры көп еді.

Сондықтан ба? Сенгіш еді елге тым,
Келе-келе менің де оған өлді етім.
«Батыр – аңғал» деген сөз де рас-ау,
қаздай еді ол ен жайланаң көл бетін.

Аңғармаппын. Аңқау қандай, жас болған?
Желке тұстан атыларын тас қолдан...
Дос пен қасты таразылай алмаппыз,
құстай болып ақ айдаңға мас болған.

Жаны – жайсан. Қөнілденсе, көл еді.
Ашуланса, сәуірдегі сел еді.

Адал жанның қай қылығын айтайын,
көктемдейін желбіреген желегі?..

... Құдайға да қарайтындақ қасқайып,
жанарынан көрмеген бір жас тайып.
Әкең сенің адам еді... амал не?
Откір тілі болды білем басты айып.

Басқарма да Қасым барда ығатын,
Қозыбактар сөз айта алмай бұғатын.
Хатшы келсе, келе қалса уәкіл,
мінбеге де Қасым алғаш шығатын.

Мынау дұрыс, мынау бұрыс дегендер,
тұңғыш айтқан таң қалдырып көп елді,
Қасым еді біздің елде, мен білсем,
тілмен тергеп қоғам атты «көгенді».

Күтпеуші еді «әліп соңын» баптанып,
білмеуші еді сөз сөйлеуді сақтанып.
Қызыл тілі абырайға бөлеген,
оны аңдаусыз ажал болып қапты анық. [4, 159-161-бб.]

Бұл – кейіпкердің шерлі-мұнды сырымен өрнектелген әділет атты қасиетті ұғым атынан берілген мінездемелік даралау. Автор асыл сапалы адамдардың драмалық-трагедиялық тағдырлы жағдайын өмір шындығы аясында алып, кейіпкерлер атынан берілестін бағалаулар арқылы тіршілік қозғалысының аңы шындығын оқырмандардың-көрмермендердің көз алдарына реалистікпен елестетеді.

Бұл – XX ғасырдың 30–50-жылдары саяси құғын-сүргінге, жазықсыз жазалауға ұшыраған Алаш қайраткерлерінің, қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарын жан аямай атқарған адаптациясының трагедиялық хал-ахуалының тарихи-көркем шындықпен өрнектелген көрінісі.

Драмалық дастандағы басты кейіпкер Едіге қарт та қазақтың ата-бабалар дәстүрін кейінгі ұрпаққа саф алтындақ таза қалпында жеткізуді мұрат тұтқан нағыз Абыздарымыздың Ақсақалдарымыздың көркем жинақталған тұлғасы. XX ғасырдың 30-жылдары қазақ даласында болған азамат соғысының, мал-мұлікті тәркілеудің, саяси-құғын-сүргіннің, зорлықпен ұжымдастарудың – бөрінің де оқигалары ортасында болған Едіге сынды абзал ойлы, халық тағдырының күәгерлері ауылындағы, аймағындағы әділетсіздіктерге жайбаракат қарамағандары анық. Олар қолдарынан келгенінше, әл-дәрмендерінің жеткендерінінші адаптациясы – азаматтардың қорғауға, қолдауға ұмтылды. Қазақстанның аймақтарында болған халықтың бас көтерулерді, наразылықтарды да осындаї Ел ағаларының – Ақсақалдардың басқарғандары да тарихи шындық. Бұл орайда, драмалық дастандағы Едіге қарт бейнесінің ұлттық-этнографиялық негіз, тарихи шындық аясында алынған кескін-келбеті, іс-әрекеттері, мінез-құлқың психологиясы – оның диалогтарымен, монологтарымен де шынайы бейнеленген оқимыз. Бұл арада драмалық дастандағы қазақ халықтың ежелгі ата-бабалардың елдік, ерлік салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын берік ұстанған, озырыларға қарсы тұрған әділдігімен, турашыл, өжет, мәрт мінезмен халыққа тіреусүйеу, жомарттығымен, қонақжайлыштығымен, қанағатшылдығымен елге сүйкімді, жауынгерлік-қаһармандық әрекеттерімен Отанға, жұртқа көрған, әнші, домбыраши, саяткер аңшы, атсейіс-бапкер болған – сан салалы азаматтық тұлғасымен дараланған Едіге бейнесі – біздің ұлттық, келбетіміздің романтикалық-реалистік, тұтастықпен бейнеленген көрсеткіші. Драмалық дастаның халықтың-көркемдік-эстетикалық дүниетанымға негізделген сипаты да осы Едіге қарттың ғұмырнамалық жолын, мінез-құлқын, әлеуметтік іс-әрекеттерін суреттей бейнелей жырлаған бөліктегі («2. Едіге қарт») шумақтардың көркем кестелі өрнектерінен танылады:

Қарт Едіге, мәрт Едіге көп көрген,
қылышты замандарды өткөрғен;
жасқанбастан жағаласқан кезінде
азулары алты қарыс бектермен.

Би-бөлістан, төреден де ықпаған,
қажет жерде жаға жыртқан, бұқпаған.
Едігенің елге мәшіүр мінезі –
тепсе темір үзетүғын мықты адам.

Момындарға сүйесу еді, сеп еді,
қонақ келсе барын үйіп-төгеді,
ел білетін кең мінезі – жомарттық,
саңдарға қадалатын жебе еді.

Дұшпанына – кесіп түсер алдаспен,
қаталдықпен қай кездे де «қандасқан»,
Едігенің ел сүйетін мінезі –
айтқанында тұратұғын танbastan.

Елірмейтін ел алдында қызығып,
«сен» демейтін жөнсіз жерде бұзылып,
Едігенің елге мәлім мінезі –
сүйкенбестен отыратын жүзі нық.

Өмірде оның көрмегені кемде-кем,
көргенімен талайларды «жөндеген»,
Қара күркө... Боз үйде де болған ол,
бұйырғанын артық-кемсіз теңдеген.

Ән де салған. Домбыра да шертетін,
Бұркіт ұстап, тазыны да ертетін,
жас кезінде қылаң мінген, боз мінген,
ал кейінгі мінген аты бөрте-тін.

Қалың елді қанжылатып, жүлқылап,
хан жайлауда қамыққанда гүл, құрак,
«Райымбек!» деп ұран салып, оқ атқан,
он алтыда қол бастаған мылтық ап...

Осы Едіге...
Ел бастаған Едіге,
тартып тұған тамырына тегіне;
қан тамғанда атқа отырған аттандал,
Қарқара мен Шалқөденің шөбіне.

Кезде сол бір ел басына күн тұған,
кезде сол бір ер басына сын тұған.
От пен оқтың арасынан бораған,
осы Едіге...
Арыстандай ұмтылған [4, 171-172-бб.]

Драмалық дастанның идеялық-көркемдік тінін құрап тұрған поэтикалық желі – қазақтың ұлттық қасиеттерін даралап таныту. Едіге қарттың ғұмырнамалық жолдары мен мінез-құлық қасиеттерін өзара сабактасқан қалпымен өрнектеген даралай мінездеулдерден қазақ халқының тарихи кезеңдерден өтіп, өмірге құштар өр көнілмен каруланған, қындықтарды жеңе жүріп шындалған тағылымды тағдырлы болмысы айқын байқалады:

... Осы Едіге...
Ел жігерін үкпестен,
Ел намысын қолдан бермей бұкпестен,
қайрат қылған қырандайын қиялап,
Алатаудың асқарында – тікте өскен.
Су да кешкен, қар да кешкен, шөп кешкен,
ұлықпен де, бұлікпен де беттескен.
Тәңкерісте «қызыл қыран» атанаң,
Кенес үшін қанын төккен, кектескен.
Таяқ жеген, таяқты да жегізген...
Кохоз құрып, түрен салған өгізбен.
Едігенің ел сыйлаған мінезі –
ерлік, еңбек – бойындағы егіздем.
Шалғы ұстаса кірісетін жең түріп,
дауға түссе, тең сөйлеген, тең тұрып;
«бес патшаның дәмін татқан» алып қарт
осы өлкенің «құлағы» еді ең түрік.
Жас шағында құлдіретін боз атын,
бәйге десе, көкпар десе қызатын,
осы өлкенің «білегі» еді Едіге.
ер мінезді, елге жайған өз атын.
Орақ мұрын, қыран қабақ, кескінді,
ашуланса, тау мінезді көшкін-ді,
осы өлкенің «жүргегі» еді Едіге
өсек айтып, даттамаған ешкімді [4, 173-174-бб.].

Басты кейіпкер Едіге қарттың қазақ даласын жайлаган аштықтан қырылған қазақ халқының аянышты оқиғасы кезендегі күйзелгенін, жылағанын жырлау арқылы ақын біздің сол қырғынды ойлап мәнгі егілетін, енірейтін қасірет намалық қөніл-күйімізді реалистікпен жырлаган:

... Сол Едіге «ақты» көрген «бандыны»,
«мәнсізді» де, көрген талай «мәндіні»,
аштық жылы түршіккені жадында,
өзегінде-өлгендердің мәнгі үні.

Сол Едіге...
Босып шыққан қосынан,
пана таптай жауы түгіл досынан,
қалың қазақ қырылғанда...

Осылай
Ет бауыры езіліп бір шошыған.
Тау, жырадан, кең даладан сұлаған,
Талшық таптай ісіп-кеуіп сұлаған,
қандастарын көрген сәтте...

Осылай
Өксіп-өксіп, іш құста бол жылаған:
Сол Едіге...

Нар Едіге...
Көп көрген.
Жазғытұрым жемтік іздел көкте өрген,
құзғандарды көрген сәтте.
Осылай
бір түйір жас қолқасына кептелген.
Сол Едіге... Көк бүркітті көп ілген,

құзғындардан қатты шошып шегінген.
 Көрген кезде сүйектерін қырдағы
 дәл осылай ағыл-тегіл егілген.
 Сол Едіге, нар Едіге. Жоқ бүгін,
 Соғыс... Бес жыл... Қанжылатып өтті күн.
 Қүзеп кетті жал-құйрығын – үш ұлын
 жұтты майдан, көкірегінде – көп тығын. [4, 173-174-бб.]

Драмалық дастанның сюжеттік шиеленісті сөтінде жазықсыз ұсталып кеткеннен кейін артынан ауданға барып, енді Қасымның оралмайтынын («Осы ауылдан біреу оны көрсеткен», «Сезем... Қасымды бақастықтың оғы ұрды», «Қызғаныштың қызыл иті талады, қан жамылды балтыры мен балағы. Қасым, сірә, оралмайды жуықта, Айдайды алыс... Абақтыға жабады») айтып, Қасымның үй-ішін («Айтпақ болып өксіп кеткен жалғызды, Едіге қарт қыын іске барды ізгі. Иіс кемпір, Айша келін екеуін бесіктегі Берігімен алғызды») домбыра қуйімен («Тартты бір күй бұрын ешкім білмейтін, өмір жайлы, тірлік жайлы киелі») жеткізгені драмалық дастандағы «4. Едігенің естірту күйі» бөлігіндегі толғаумен жырланған. Ескірту-толғауда тіршілік қозғалысындағы жақсы мен жаманды, асыл мен жасықты, батыр мен пасықты ұрпақтардың сарапап танып бағалайтынын («ел сүйетін ерлердің ошақ оты сөнбейді»; «ел сыйлаған арлының асыл сөзі өлмейді», т.б.) айта келе, жазықсыз жазаланғандардың түбінде ақталатынына, халық тарихындағы лайықты орындарына оралатындарына сендіре төгілдіреді:

... Арманды жан алдырмас,
 арман, үміт тел еді,
 мұң-қайғыға шалдырмас,
 Сенім түбі жеңеді.
 Аспан. Дала. Кең еді.
 Кенге жүрек сенеді.
 Қасым сынды қайсар ұл
 бұл қыырда кем еді,
 момынына ауылдың
 мүйеу еді, сеп еді,
 үстіменен ауырдың
 жүргендерге жебе еді.
 Тар піғылын пенденін
 түбі адалдық жеңеді,
 «дау!» дегенге сенбегін,
 Қасым аман келеді.
 ... Қызыл сулы далаға
 қара өлең шөп өнеді,
 сәуле сеуіп санаға
 таңда жұлдыз сөнеді,
 үміті бар өлмейді,
 үміт, сенім тел еді,
 кебін киген келмейді,
 кебенек киген келеді.
 тұған ауыл көгіне
 бір қуаныш енеді.
 ... Аспан. Дала. Кең еді.
 Кеңге Отаны сенеді.
 Сенген елдің Әманда
 көгереді желегі...
 Жалғасады жасарып,
 жайқалады көл, егін,
 жетіледі жас, арық,
 бесікке ұлды бөлегін,

ұмті бар өлмейді,
көніл аттай желеді,
кебін киген келмейді,
кебенек киген келеді...
Келеді!
Келеді! [4, 180-182-бб.].

Бұл – домбырадан төгілген күй сарының поэзиямен өрнектелген үлгісі. Домбыраның бебеулеген күй әуендерінен («Мінезіндегі Едігенің өр, биік, мына қүйде сезім-биік, шер-биік! Домбыраның өте бойын балқытып, кетті білем аспан да иіп, жер де иіп») Едігенің Қасымның енді оралу-оралмауы белгісіз тағдырын сезінген, түсінген отбасының қасіретті-қайғылы хал-ахуалы да психологиялық тұрғыда бейнеленген:

... Кезіп сарын тау-жыраны, аспанды,
сілкіді кеп емен, шырша, жас талды.
Айша келін атып шықты шыңғырып,
ал ананың жанарынан жас тамды.
... Жылады ана... Солқылдан кеп жылады,
көлдетті де көздің жасын бұлды;
немересін біреу алып кетердей,
ұмтылып кеп тал бесікке құлады.
Шерлі анаға Сәнім кемпір қосылды,
Едіге қарт естіді үнсіз қос үнді.
Боздауынан қос ананың ораулы
бесіктегі Берік қатты шошынды.
Дір еткендей қырдың қара шалғыны,
шерлі дауыс өксіп-өксіп қалғыды.
Іште – бесік, сыртта – тау мен Ай мұнды,
өлмес күйдің жүректерде қалды үні.
Шыр еткендей қырдың қара шалғыны,
шерлі дала өксіп-өксіп қалғыды;
сүйк хабар келген күнгі Беріктің
тау-жыраның құлағында қалды үні...[4, 183-б.].

Драмалық дастан оқиғаларының сюжеттік шиеленістері, шарықтау сәттерінде «Күн көсем» Сталин өлген сәттегі аштықтан, құғын-сүргіннен, соғыстан үрейден титықтаған халықтың жылағаны, сол азалы, қаралы жиынға Қасымның анасы Иіс әженің келмегені, өз пікірін ашық білдіргені («Патшаға, қараға да – бір өлім, көсемің де құдай емес сиқы әні», «Біз – қонақпаз, мәңгі – Жер мен көкте Күн», «Қасымынан артық па еді ол менің?») де шындық үкіміндей естіледі. Қаралы жиынға шешесі Айшамен, көрші балалармен (Ерден, Дәulet) бірге барғысы келген Қасымұлы Беріктің алғаш рет ауылдасты, әкесін жазықсыз ұстасып жіберген бөлекор-жалақор, шолақ белсенді Қозыбақтың озырылыш-мейірімсіздік ызгары ескен сөздерінің («Бөлтірігі бөрінің ... Тауға қарап ұлуын...», «Халық жауы семьясына орын жок», «Бұл жиыннан кетіндер!») айтылған сәтіндегі шиеленісі жағдай-зұлымдықпен бетпе-бет келетін шешуші майданға шығатын жас буынның айбынды куатын сезірдігендей эсер береді:

... Айша байғұс құлай жаздал шақ тұрды,
отты көзін Қозыбаққа лақтырды,
мас Қозыбақ қозы қарнын сипалап,
ықылықтап астындағы атты ұрды,
ауып-толқып, ер үстінде шақ тұрды.
Жалғыз аяқ Жарылқап қарт: «Тек!» деді,
бірақ сөзі Қозыбаққа жетпеді.
Қамшы иіріп, қоқаңдады белсенді,
жесір менен жетім ұлға шеттегі.

– Оңбаған! – деп әлден уақ жас бала,
тұра ұмтылды жерде жатқан тасты ала.
– Жаудың ұлы ... Қарандар! – деп Қозыбақ,
корғаншақтап бетін басты жасқана.

Жетім ұлдың жанарында жаз тұрды,
дәлдеп таспен жүтегенсізді басқа ұрды.
Құдай қағып, тимей қалды атқаны,
Қозыбақты бала қатты састырды.

... Қозы сынды жұлқылаған көгенді,
Каршадай ұл таңқалдырыды көп елді;
ата қарал Қозыбаққа көзімен,
Жалт бұрылып құстай ұша жөнелді [4, 212-б.].

Драмалық дастанның көркемдік шешімі – жауыздықтың озбырлықтың ақырында айыпталатыны, әділеттіліктің қайта салтанат құратын. Шығарманың «3. Едігенің ерлігі», «4. Шал мен ұл», «5. Ананың азасы», «Ана мен ұлдың соңғы сұхбаты», «Арылу. Күй-түйін (немесе Ананың соңғы сырьы: 1. Аруақпен тілдесу; 2. «Қорғай жүрші! Қорғай жүр!..» (Адамдарға аманат) бөліктерінде жауыздықтың, зұлымдықтың, озбырлықтың», т.б. адамзатты сергелденгенге салып келе жатқан кесапттардың – бәрінің де ақырында зауалды шағы болатыны, ұрпақтардың болашақтың нұрлы сипаты үшін адамгершілікпен-имандылықпен өмір сүру керектігі ұлықтала жырланған.

Драмалық дастанның көркемдік сипатын қүшейтіп тұрған философиялық сарынды тұжырымдардың, байыптаулардың эстетикалық әсерлілігі айрықша баурайды.

Автор осы туындысының басындағы «Ескертуінде»: «Бұл дастаннан таза драмалық туындыға қажет сахналық үйлесім іздеудің қажеті жоқ. Іздей қалғаның өзінде шығарма табиғатын ашар басты өлшем поэзия болғанын естен шығармау керек» [4, 151-б.], – дегенмен, туындыдағы сюжеттік-композициялық желілер бөліктерінің әлемдік классикалық драматургия дәстүрлерімен үндес, текстес болмысын анық көреміз.

Драмалық дастанның лирикалық-психологиялық сипатындағы поэтикалық-эстетикалық таным терендіктерінен өмір шындығын оқырманға-көрерменге романтикалық-реалистік әсерлілікпен жеткізудегі қаламгердің шеберлік тәсілі аңғарылады. Бұл орайда, академик З. Ахметовтің драма поэтикасына байланысты ғылыми байыптауын назарға аламыз: «Біз болып жатқан, болып өткен уақыға-жағдайларды кейіпкерлердің айтуынан біліп, солардың көзімен көріп, кейіпкерлердің хал-жайын, сағыныш, қуаныш-қайғыға берілуінен ойлау-сезінуінен байқаймыз. Сөйтіп, драмалық шығармада жеке адамның ойлану-сезінуін терен көрсететін лирикалық тәсілі мен тұтас бір шиеленіскең, уақығаны баян ететін эпикалық жанрга тән көркемдік тәсіл қабысып, ұштасып жатады» [5, 81-б.].

Басты кейіпкерлердің диалогтары-монологтары арқылы Атам Ата мен Хая Ана ұрпақтарының мынжылдықтар бойы қақтығыстармен, арпалыстармен, өзара соғысумен, бірін-бірі аңдумен, арбаумен, алдаумен келе жатқан күйкілік жайлаған қарым-қатынастар жүйесі адаптациялардың айыптауларымен беріледі.

Драмалық дастанға өзек болған жақсылық пен жамандық тайталасының мәнгі тоқталмаған қозғалысы да «Жандауыс» (тертінші күй) бөліміндегі «2. Әже мұны», «6. Фарыш үні. Көк атты кісі») бөліктеріндегі кейіпкерлер монологтарындағы сыншыл реалистік айыптау-әшкереңдерге бағалауларымен дәйектелген:

1. Осал жерін мінезінің байқап қап,
дарынсызды дарындыға айтактап,
Ғұмыр кешу – адамдардың салты бұл –
жалған күлу, жалған сөйлеу шайқақтап.

Алдау, арбау, аярлықпен азғыру
адал жанды арсызданып жазғыру –
жер үстінің мың сан жылғы әдепті
мықтылардың жолына ор қаздыру.

Жақамайды алдиярлар біз-ойды,
жақпаганның жал-құйрығын күзейді;
Төменгілер сөз саптайды еліктеп,
кимылын да жоғарымен түзейді.

...әміршісі қатал болса қанды ауыз
баскесері аямайды ешкімін...

Сүйрекен боп елдің жүгін, өрге ойды,
әулекілер адалдықты тергейді;
жағымпазға жанын берген тақсыры,
келе-келе ештенені көрмейді.

Ыңғар сеуіп, сөйлеп ылғи елге нық,
екі көзін ақ көмеді – шелденіп;
бileушінің айрылғаны көруден,
есептей бер, тірі жүріп өлгені [4, 206-207-бб.].

Драмалық дастанның «Қарақазан ғасыр» боп аталуы – XX ғасырдағы озбыр билеуші басқарған уақыт қасіретін айыптау көрінісі. Көркем шығарманың поэтикалық-мағыналық қуатымен қоғамдық-элеуметтік ортаның озбырлық, екіжүзділік жайлаған жағдайын жасаушы Бас Айыпкер – Жазушы-бileуші келбетін даралау бейнелеу – бұл шығарманың басты көркемдік мұраты. Ғасырлар бойы адамзат ұрпақтарын әділдікпен басқарғандардың санаулы ғана болғандығы, көбінесе озбыр билеушілердің зорлық-зомбылықтары қарапайым, адаптациялардың азапқа, құғын-сүргінге ұшаратумен келе жатқаны әмір шындығы қозғалысындағы нақты құбылыстармен, қасиеттермен дәйектеле, дәлелдене аталған:

...Ел басқару түсінгенге – арлы ұғым,
кең әлемнің сезу күнде тарлығын;
билігіне бірақ шексіз сенгендер,
ұмытады, ұмытады барлығын.

Ұмытады, жоқ пен бардың арасын,
ұмытады, көздің ақ пен қарасын;
құллі қоғам айналады соқырға,
Жоғалады сымбат иенен жарасым.

Омалады аналардың қарғысы,
тоналады ғасырлардың жарғысы;
құллі қоғам мылқау кейпін жамылдып,
жояр құнын жүректерде ар қүші.

Зымияндар жоғарыға жортады,
алаяқтар қаратады ортани;
қызыл сөздін майын алып жаттанды,
қайнатады қайырғандай тортаны.
Жауын таптай ашық шығып белдескен,
өзектер де от оранар, сең көшкен;
бір-біріне сыр айта алмай ашылдып,

Жұмыр бастар тынар іштен сенбестен.
(**«2. Әже мұны»**) [4, 206-208-бб.].

2. ... Жер үстінің тұрғындары – алауыз
Екі көзі бірін-бірі қарғайлы.
Екі көзі бірін-бірі арбайды,
екі көзі бірін-бірі алдайды.
біреу үшін байлық – қайғы, мал – қайғы,
біреу үшін арман – қайғы, ар қайғы.

Біреулері сатылады сол үшін,
біреулері атылады сол үшін.
Бірін-бірі қанға бояп адамдар,
отқа орайды Жер есімді қонысын.

... Кез алдымда – шегаралы жер үсті,
хан мен хан, ел менен ел керісті;
бірін-бірі атып-шауып адамдар,
Жердің үстін талап айлап бөлісті.

... Кез алдымда – ән тербетіп өскен ел,
жер бауырлап, жерін тастап көшкен ел,
қатал ғасыр айбалтасын сүйретіп,
қалалары – жермен жексен... Өшкен ел.

... Өлгені сол – тіл мен дінін жерлейді,
өсек-патша, шығармайды төрге ойды;
халық тегіс ұмытады «құдайын»,
«құдайсыздар» ештенені көрмейді.

Таға алаймын ғасырға мін, жерге мін,
келген сайын осы сурет көргенім.
Түсінбеймін ... Қиратады неге адам
өз қолымен өзі жиып-тергенін?!

Даласы кен, орман суы мол қандай!
Таулары асқақ... Қала алмай сын толғанбай?!

Он сегіз мың ғаламда жоқ сұлулық,
жер бетіне жарасып кеп қонғандай?

Ой жүгіртсем, «Фалам» атты керсөнде,
Жер мінезін сыйғыза алман өлшемге.
Көретінім – сұлулықты жәбірлеу,
жұз жыл бұрын, мың жыл бұрын келсем де [4, 224-225-бб.].

«Қарақазан ғасыр» драмалық дастанының идеялық-композициялық желісіне алынған жалпыадамзатқа –планетамызға ортақ табиғаттағы, жаратылыстағы тіршілік қозғалысындағы адамдар қарым-қатынастардағы экологиялық апатты жағдайлардың ортақ қасіреттері жырланған. XX ғасырдың 30, 50, 90-жылдарындағы қазақ даласының Алатау, Жетісу өніріндегі бір ауылдың, ондағы жеке адамдардың мемлекеттік билеу-басқару жүйесінің ықпалымен рухани азып-тозуға ұшыраған трагедиялық хал-ахуалын негізге ала отырып, автор бүкіл әлемдік, жалпыадамзаттық тарихи даму кезеңдерінің қайшылықты зардаптарын айыптайды. Философиялық-психологиялық, лирикалық толғаныстар мен эпикалық баяндаулар тұтастырымен ғарыштық-ғаламдық қеністіктегі жанды және жансыз денелердің, табиғи үйлесіммен, ең бастысы саналы ақыл-ой иелері

адамдардың достықпен, түсіністікпен, өзара ынтымақпен өмір сүру ұлағаты ұлықталады.

Драмалық дастанның сонындағы «Арылу: Күй-түйін (немесе Ананың соңғы сыры). 1. Аруақпен тілдесу; 2. Қорғай жүрші! Қорғай жүр!.. (Адамдарға аманат)» бөліктегіндегі Жер бетіндегі, гарыш кеңістігіндегі барлық іс-әрекеттердің де, құбылыстардың да, қасиеттердің де – бәрінің де Жаратушының (Тәңірі – Алла – Құдай) құдіретімен екендігі мойындала мұнәжжаттық көңілмен, жауыздық иелеріне (Сталин, Қозыбақ, т.б.), кешіріммен қарайтын гуманистік, адамгершілік-имандылық ұстанымы дөріптелген:

1. ... Тірлік – арба... Айлар, жылдар зырлады,
Замана – жел ... Өзгерді өмір қырдағы.

Тал бесік те, жер бесік те – Тәңірден,
Тәңір өзі сыйлағаның ұрлады.

... Жайрады бақ ...

Жаңғырды аспан, күз әні ...

Жылдар...

Жылдар...

Талып көкпен ұзады,
Пешенеден көрдік, жаным, жазғанды,
бәрін Алла өзі пішіп, сызады.

Ағарандап Айлы аспанның етегі,
аз күн адам арман қуып өтеді;
қай кезде де, құрығы ұзын Құдайдың
Біреуге – ерте, біреуге кеш жетеді.

Еншісін де Құдай өзі бөледі,
құл пендесі дегеніне көнеді.

Көну – парыз ...

Көнбесу – күнә ...

Жұмыр бас

Бұйрықты сәт біткен күні өледі.

(«Аруақпен тілдесу»)[4, 232-233-бб.].

2. ... Өтті уақыт ... Қоғам түлеп, өзгерді.

Жақсыны да, бақсыны да көз көрді.

Жаратушы – Тәңір Ием! Құдірет!

Електеді ерлер менен ездерді.

... Құлак түріп жүректегі дурсілге,
гарыш – көкте, аспанда алыс жүрсің бе?

Қарақазан ғасыр мені боздатты ...

Құрсын бәрі ...

Құрсінбеші!

Құрсінбе!

Келгендей ем құрсауында құлыштың,
Кең дүние, қадірінді шын ұқтый.

Кек пен зарды қеудегі кешірдім,
өртен үшін, ертен үшін ұмыттым!

(«Қорғай жүрші! Қорғай жүр!..» (Адамдарға аманат) [4, 238-б.].

«Қарақазан ғасыр» драмалық дастанның көркемдік-эстетикалық түйіні – жер бетіндегі зұлымдық жасаушылардың бәріне де адамгершілік-имандылық рухындағы гуманизммен-кешіріммен қарасты. Озбырлықты, қатыгездікті, сарандықты, опасыздықты, т.б. саналуан сырлы жамандық атаулыны тек ғана кең, жомарт, ақ көніл ықыласымен ғана жеңуге болатыны дәлелденген.

Драмалық туындының соңғы бөлігіндегі «Ана мен ұлдың соңғы сұхбатындағы» Ұлдың монологында әкесі Қасымды құртқан зұлым, жалақор, белсенді, Қозыбақтың бақиға аттанар алдындағы хал-ахуалын айтқаны да дәйекті:

... Кетерінде елге сырын толғапты,
шығарыпты іштегі бар «толғакты»;
Айтып-айтып арылыпты Қозыбак,
Алла атымен ақтық сөзін жолдапты.[4, 229-б.]

Ал осы жағдай туралы Ананың ақ пейілі арқылы күллі адамзат ұрпақтарына аманат-өсінет тілегі айтылған:

... Сақтан ұлым! Арсыз кек пен кесірден,
ой қалған ба мендей мұңлық жесірден?!
Қозыбактың бар кінәсі – надандық,
надандығын баяғыда кешіргем.

Қасымымның қарашағы – өскінім,
Жалғасысың – тексті менен естінің.
Қозыбактар – бейшара ғой...
Бейшара!
Өлген екен...
Бейшараны кеш, күнім.[4, 231-б.]

Драмалық дастандағы бейнелілік өрнектері тенеу мен айқындау (эпитет), құбылту (топ) мен айшықтау (фигура) ұлгілерінің әдеби тілдің жалпыхалықтық мол қорының пайдаланылуымен ерекшеленеді. Кейіпкерлердің кескін-келбеттерін, іс-эрекеттерін бейнелеуде, сонымен бірге идеялық-композициялық, сюжеттік бөліктердегі монологтардағы-диалогтардағы, эпикалық баяндаулардағы колданылған көріктеу сөздер мен сөз тіркестері шығарманың эстетикалық әсерлілігін күштейту қызметімен байқалады. Мысалы: **Тенеулер**: «Айдай шындық – эн өмірді шындаиды», «Өткір еді тау суындағы тасыған», «Дауға түссе, тілі мірдей, оқ еді», «Құстай болып ақ айдынға мас болған», «Қолға алды да теңіздейін толғанды», «Ұшар құстай сілкініп бір қомданды», «Алақандай ауыл сұмдық сескенді», «Қыран қабақ қар жауардай түйілді», «Болмас онда басуға қызыл судай көнбейді», «Көнбесе елі шындағы ақынқтай төнеді», «Сарыны пенденді де оятардай көрдегі», «Жетім» деген сүйк сөз жыландаіын жүргетімді алды орап», «Тұма сезім бұлақтайын бұлқынар», «Мұздай көңіл жылу іздеп сыздайды»; «Өң мен түстей хал кешіп бір сикырлы», «Жарылатын жанартаудей қозғалып», «Бұлқан-талқан тау суындағы тасыды», «Өзен біткен май жанғандай лаулады», «Ене байғұс отырды үнсіз міз бақпай, сексеуілдей сирек өсер құмдағы», «Құстай ұшып бара жатты. ... Өкпелі», «Бара жатты қаршадай ұл бұлдырап», «Сезгендейін бір сұмдықтың боларын», «Титтей қолы жіберердей тасты үтіп», «Көкжал кісі көкіреті қайнаған кос жанағы оттай болып жайнаған», «Жалыр ақтай сарғайып бір күтіп ем», т.б.; **Айқындаулар** (эпитеттер): «Қоңыр ауыл қоңырәнін тербетіп», «Ғашық жүрек әнге ешқашан тоймаған», «Жомарт еді әкен марқұм, жүртқа – адал», «Ақ көнілдің ақ көнілі мен білдер жан еді әкен ары таза ерекше», «Жаны-жайсан. Көнілденсе, көл еді», «Мен де мәлдір, ол да таза өскін ек», «Қою түнде қарауытты қара шың», «Сенім атты ақ шағала құсты атқан», «Қара халық атқарды ерен көп істі», «Кеуделері – жұлым-жұлым сан сұрап», «Ел дегенім – менің момын жүрегім», «Қара жол мен қара жонды бетке алды», «Қайрат қылған қырандаіын қиялап», «Қара ниет қандай ғана көп көрді, кінәсі жоқ жалын жанды текті ерді», «Көл, сұлу жер – қүйқалы», «Ел сыйлаган арлының асыл сөзі өлмейді», «Сабыр түбі – сары алтын», «Көк орман мен көп келді асарына сенеді», «Бір сарын бар асау, мұнды, өзгеше», «Бірі – соқыр, бірі – сақау, бірі – үнсіз, бірі – қасқа, бірі – шұнақ, мұрынсыз, ... еректері – жігерсіз, әйелдері – бұрымсыз», «Бірі – мұнды, бірі – шерлі, ез – бірі, бірі – қорқақ... (Көрінеді көзге ірі), бірі – пері, бірі – сайтан, бірі – ынжық», «Шерлі ананың қеудесінде дүлей қүш», «Заман бізге көк қанжарын кезеді», «Арманымның ақ қанаты қырқылды», «Қатал ғасыр айбалтасын сүйретіп», т.б.; **Метафоралар**: «Аққу – айдын... Армандарды ақтардын», «Көніл – тұман, ашу – теңіз...», «Ел – құнарлы топырағын», «Қоржын үйде мұз-қайғы», «Мұн ораган жүрек атты бесікке», «Аққу – ойдың ақ қанатын жай, күнім!», «Ақ түтек боп шамырқанып, ар көшкін», «Келген сүйреп көрі қеуде – томарын», «Көктем – қыздың бұлақтып аспаны», «Боздады ана ... Інген сынды ...

Көзі – мұң», «Өсек – патша шығармайды төрге ойды», «Қозы – көніл маңырады көгенде», т.б.; **Кейінтеулер:** «Қара аспанның жасаурады жанары», «Қырау қонды қабыржытып қыратқа», «Қараша кеп құйрықжалды қүзеді», «Жел сабады майыстырып көл талды», «Қазан ұрды көлбастау мен көгалды», «Қып-қызыл Күн ұясына батты үнсіз», «Кетті білем аспан да иіп, жер де иіп», «Іште – бесік, сыртта – тау мен Ай мұңды», «Шыр еткендей қырдың қара шалғаны, шерлі дала өксіп-өксіп қалғыды», «Жыре, сайлар ән салады топтанып», «Tau самалы түннің шашын жұлқылар», «Ай аунады көкпен бояу көнілсіз», «Бұлт қозгады көктің баю қанатын», «Бұлт ішінен сығалады Ай тағы», «Жасаурайды жасыл талдың желегі», «Шыр айналды мың сан жұлдыз, көк түні», «Теніз біткен жалын құшып аунады», «Ой төрінде сілкінді үнсіз ояу бак», «Tau өзені дөңбекшиді тас ұрып», «Мұңға батты дала, бөктер, тау үсті», т.б.

Драмалық дастанның идеялық-композициялық желісіндегі лирикалық-философиялық, психологиялық сарындар тұгастығы аясында адамгершілік асыл қасиет иелерінің жамандықтардың кедергілерінен, зардаптарынан қашшама азап, қасіret көрсе де, бәрібір ізгілік-имандылық, жақсылық ұстанымынан мәнгілік айнымайтын кемел ақыл-ой иелерінің көзқарасы Кейіпкер Ана атынан бүгінгі және болашақ ұрпақтарға аманат сөзіндей болып ұсынылған:

Жүрек бәрін жырлайды.
Мәңгілік жоқ. Ажал бір күн ұрлайды.
Ай астында махабbat бар, өмір бар,
Жердің үсті кекпен жалғыз тұрмайды...[4, 231-б.]

Қорыта айтқанда, ақын-драматург Н. М. Оразалиннің «Қараказан ғасыр» драмалық-дастаны әлемдік драматургиядағы классикалық дәстүр жолын ұлттық топырағымызда өзіндік мәнерімен жалғастырған көрнекті көркем туынды.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр: Анықтамалық. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2004. – 392 б.
- 2 Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Aruna Ltd» ЖШС, 2005. – 376 б.
- 3 Сарбалаулы Б. Өмірге өлең керек пе?! // Оразалин Н. Үш томдық таңдамалы туындылар. 3-том: Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 416 б.
- 4 Оразалин Н. Үш томдық таңдамалы туындылар. 3-том: Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 416 б.
- 5 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

REFERENCES

- 1 Қазақстан zhazushylary: XX fasyr: Anuqtamalyk. – Almaty: «Ana tili» baspasy ZhShS, 2004. – 392 b.
- 2 Қазақ әdебieti: Enciklopediyałyq anuqtamalyk. – Almaty: «Aruna Ltd» ZhShS, 2005. – 376 b.
- 3 Sarbalayly B. Өmіrge өлең kerek pe?! // Orazalin N. Ysh tomduq tañdamaly tuyndylar. 3-tom: Zhyr kitaby. – Almaty: Zhazushy, 2006. – 416 b.
- 4 Orazalin N. Ysh tomduq tañdamaly tuyndylar. 3-tom: Zhyr kitaby. – Almaty: Zhazushy, 2006. – 416 b.
- 5 Әdебiettanu terminideriniñ sozdigi / Құrast. Z. Axmetov, T. Shañbaev. – Almaty: Ana tili, 1996. – 240 b.

Резюме

T.C. ТЕБЕГЕНОВ

(Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы)

ДРАМАТИЧЕСКАЯ ПОЭМА ПОЭТА-ДРАМАТУРГА НУРЛНА ОРАЗАЛИНА
«ВЕК ЧЕРНОГО КАЗАНА»

В статье анализировано идеино-тематические, художественно-стилевые особенности драмы поэта-драматурга Нурлана Оразалина. Определены научно-теоретическим анализом романтические, реалистические пафос пьесы, а также психологический характер драмы.

Ключевые слова: драма, художественный стиль, идеино-тематическое, романтизм, реализм.

Summary

T.S. Tebegenov

(Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty)

DRAMA POEM OF THE POET-PLAYWRIGHT NURLAN ORAZALIN «CENTURY OF THE BLACK CAULDRON»

In article analyzed ideological and thematic, art and style features of the drama of the poet-playwright Nurlan Orazalin. Pathos of the play, and also psychological character of the drama are defined by the scientific-theoretical analysis romantic, realistic.

Keywords: drama, art style, ideological and thematic, romanticism, realism.

Поступила 27.12.2013 г.